

Мәртөк ауданының мәслихаты

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық  
мәслихатының 2019 жылғы 25  
желтоқсандағы № 340 шешімі.  
Ақтөбе облысының Әділет  
департаментінде 2019 жылғы 27  
желтоқсанда № 6640 болып  
тіркелді

Мәслихат Мартукского района

**Мәртөк аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 109  
«Мәртөк ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен  
болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы»  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Мәртөк аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 109 «Мәртөк ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5822 тіркелген, 2018 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Мәртөк аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:»;**



көрсетілген шешіммен бекітілген, Мәртөк ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларында:

6 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.»

2. «Мәртөк аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Мәртөк аудандық мәслихатының сессия төрағасы**

**Р. Джамалова**

**Мәртөк аудандық мәслихатының хатшысы**

**А. Альмухамбетов**